

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. 2025 жылы мемлекет басшысының 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- *отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- *адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- *табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- *елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- *отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- *өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- *әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- *басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- *өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- *еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- *біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- *әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- *білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- *ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- *отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

- күнделікті:
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.
- апта сайын:
- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.
- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:
- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіз қоғам.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

I тоқсан 1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев) 02-06.09.2025ж.				
№	Тәрбие құндылықтары Бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	1 қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №1-САБАҚ: <i>2-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері».</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.09.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!» 08-12.09.2025ж.				
2.	«Отбасым-бақыт мекенім» «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері. ЖЖЕ №1 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №2-САБАҚ: <i>2- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»</i>	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	08.09.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай) 15-19.09.2025ж.				
3	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған!» « Менің ұжымым». <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ <i>2- сыныптар: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.09.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай) 22-26.09.25ж.				
4	«Еңбек етсең – емерсің» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ <i>2-сыныптар: «Мұз үстіндегі қауіптер»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.2025ж.
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні				

5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні			
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» 29.09-3.10.25ж.			
5	«Қария – елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ 2- сыныптар: «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі 29.09.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» 06-10.10.25ж.			
6	«Ұстаз – ұлы тұлға» «Реттеуші және оның белгілері».ЖЖЕ №2 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ 2-сыныптар: «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты Челлендж	Сынып жетекшісі 06.10.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!» 13-17.10.25ж.			
7	«Қандай ойын жақсы?» (пайдалы-зиянды ойындар) <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ 2- сыныптар: «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі 13.10.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!» 20-24.10.25ж.			
8	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №8-САБАҚ 2- сыныптар: «Егер жабайы жануарларды кездестірsem не істеймін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі 20.10.2025ж.
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша–Халықаралықтолеранттылықкүні			

II тоқсан 1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!» 03-07.11.25ж.				
9	«Адал азамат.» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ 2- сыныптар: «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.11.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!» 10-14.11.25ж.				
10	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге» «Теңге — Тәуелсіздіктің тірегі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ 2- сыныптар: «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.11.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» 17-21.11.25ж.				
11	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған! »Біздің қызығушылықтарымыз достықты нығайтады. <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 11-САБАҚ 2-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.11.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» 24-28.11.25ж.				
12	«Энергияны үнемдеу – экологияны қорғау» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ 2- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.11.2025ж.

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»				
01-05.12.25ж.				
13	Қоғамдық мүлікті қорға» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ 2- сыныптар: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	01.12.2025ж.
2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді»				
08-12.12.25ж.				
14	«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл»// «Мектепке барар жол. (Сенің күн сайынғы бағдарың)» ЖЖЕ №3 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ 2 -сыныптар: «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.12.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас»				
15-19.12.25ж.				
15	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 15-САБАҚ 2- сыныптар:«5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
22-26.12.25ж.				
16	«Жаңа жылдық тарту» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 16-САБАҚ 2- сыныптар: «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12.2025ж.
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				

2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар» 12-16.01.26ж.				
17	«Адал бала – ел болашағы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ 2- сыныптар: «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты (адалдық сағаты)	Сынып жетекшісі	12.01.2026ж.
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы» 19-23.01.26ж.				
18	«ДОСБОЛLIKE» «Буллингтен қорған! » Өзге адамдармен сөйлесуді үйрену Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18-САБАҚ 2- сыныптар: «Егер жабайы жануарларды кездестірsem не істеймін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.01.2026ж.
4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» 26-30.01.26ж.				
19	«Мен де өз құқығымды білемін!» № 19-САБАҚ 2- сыныптар: «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.01.2026ж.
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге» 02-06.02.26ж.				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ 2- сыныптар: «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.02.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала» 9-13.02.26ж.				
21	«Телефон емес – достармен ойын!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ:	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.02.2026ж.

	2-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері».			
3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер» 16-20.02.26ж.				
22	Қауіпсіз қоғам. «Мен сақ болсам – бәрі қауіпсіз!» /Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды. ЖЖЕ №4 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22-САБАҚ 2- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.02.2026ж.
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы» 23-27.02.26ж.				
23	«Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23-САБАҚ 2- сыныптар: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	«Тәртіп-тәрбие бастауы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23-САБАҚ 4- сыныптар: «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз» Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.02.2026ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жеркүні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.				
24	«Алғыс айту – рухани байлық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №24-САБАҚ 2 -сыныптар: «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.03.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» 09-13.03.26ж.				

25	«Бәрінен биік ана жүрегі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25-САБАҚ 2- сыныптар: «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты челленджі	Сынып жетекшісі	09.03.2026ж.
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 16-20.03.26ж.				
26	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26-САБАҚ 2- сыныптар: «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.03.2026ж.
IV тоқсан Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттықкітапкүні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» 30.03-03.04.26ж.				
27	2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап-рухани қазына» / «Қала сыртына шығу» ЖЖЕ №5 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27-САБАҚ 2- сыныптар: «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.03.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай) 06-11.04.26ж.				
28	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Өмірге салауатты кадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ 2- сыныптар: «Егер жабайы жануарларды кездестірsem не істеймін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.04.2026ж.
3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи)				

13-17.04.26ж.				
29	12 сәуір – Ғарышкерлер күні «Байқоңырдан басталған сапар» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №29-САБАҚ 2- сыныптар: «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.04.2026ж.
4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» 20-24.04.26ж.				
30	№ 30-САБАҚ «ДОСБОЛЛИКЕ» Жақсылықты бірге жасайық «Буллингтен қорған! » 2- сыныптар: «Жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.2026ж.
5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» 27.04-01.05.2026ж.				
31	Біз әртүрліміз, бір теңбіз» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 31-САБАҚ: 2-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.2026ж
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» 04.09.05.26ж.				
32	«9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ 2- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.05.2026ж.

	скриптері»			
2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнін жоқ» 11-15.05.26ж.				
33	«Отбасы-бақыт мекені» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 33-САБАҚ 2- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.05.2026ж.
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) 18-22.05.26ж.				
34	«Білімім – Отаныма!» /«Жол жүргізушілердің көзімен»ЖЖЕ №6 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 34-САБАҚ 2- сыныптар: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.05.2026ж.